



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 20 » 02 20 24 жылы N37
Астана қаласы

**Қалалық «Үздік вожатый-2024»
байқауын ұйымдастыру
және өткізу туралы**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК жоспарына сәйкес вожатыйлардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасау, вожатый жұмыс тәжірибесімен алмасуы және оны тарату, вожатый мамандығының беделін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тәрбие және қосымша білім беру бөлімі қалалық «Үздік вожатый-2024» байқауын (бұдан әрі - Байқау) 2024 жылдың 4 – 29 наурыз аралығында ұйымдастырып өткізсін.

2. Байқаудың ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Байқаудың қазылар алқасының құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Байқауды қаржыландыру шығындары сметаға сәйкес қамтамасыз етілсін (Д. Кожаметова)

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Әдістемелік орталық» МКҚК басшысының орынбасары Ж.Амиргалиевке жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова

« 20 » 02 2024 ж.
№ 37 бұйрыққа
1-қосымша

**«Үздік вожатый-2024»
қалалық байқауын
өткізу ережесі**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Үздік вожатый-2024» (бұдан әрі - Байқау) «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары негізінде әзірленді.

1.2. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімі өткізеді.

1.3. Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Орталық) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 13 тармақшасы негізінде облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдарда жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, облыстық ауқымда орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын, аудандық (қалалық) ауқымдағы конкурстар ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді.

1.4. Байқау II кезеңнен тұрады.

I кезең онлайн форматта өтеді.

II кезең офлайн форматта өтеді.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты: вожатыйлардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасау, вожатый жұмыс тәжірибесімен алмасуы және оны тарату, вожатый мамандығының беделін арттыру.

2.2. Міндеттері:

- шығармашылық және кәсіби әлеуетін іске асыру, балалармен тәрбие жұмысын жүргізу саласындағы авторлық идеялардың пайда болуы;

- вожатыйлар белсенділігін, өзіндік креативтілігі мен шығармашылық ізденісін ынталандыру;

- білім беру жүйесін дамыту мәселелерін шешуге жас педагогтарды тарту.

3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Байқау 2024 жылдың 04 наурыз - 29 наурыз аралығында өткізіледі.

3.2. Ереже талаптары бұзылған байқау жұмыстары қаралмайды.

3.3. Байқауға қатысу үшін s.kampyshev@astana-modern.edu.kz электрондық поштасына келесі құжаттарды жолдау қажет:

1) 1-қосымшаға сәйкес өтінім беру;

2) <https://www.youtube.com> арнасына орналастырылған бейнематериалға сілтеме.

3.4. Байқауға барлық білім беру ұйымының вожатыйлары қатыса алады.

4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы құрылады.

4.2. Жұмыс тобының мүшелері Орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы бірінші кезеңінің жеңімпазын анықтап, Байқаудың екінші кезеңіне қатысуға ұсыным беру үшін басшысының бұйрығымен бекітіледі. Ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы әдіскерлер қатарынан құрылады.

4.4. Байқаудың екінші кезеңіне қатысушыларды бағалау және «Үздік вожатый-2024» атағын беру туралы шешімін шығару үшін Қалалық Қазылар алқасы мүшелері құрылады, оның құрамы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысымен бекітіледі. Қазылар алқасының мүшелері Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК қызметкерлері, қосымша білім беру педагогтері, «Астана Дарыны» орталығының қызметкерлері, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының өкілдерінен және кәсіби байқау жеңімпаздарынан құрылады.

4.5. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалау парақтары мен түсініктемелері құпия ақпарат болып табылады, көрсетілмейді және берілмейді.

4.6. Жұмыс тобы:

- Қойылатын талаптарды, бағалау критерийлерін айқындайды.

- Өткізу орны, уақыты, нысаны мен өткізу тәртібін белгілейді.

4.7. Ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы:

1) Байқаудың I кезеңінің материалдарын қарастырады және екінші кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;

қатысуға ұсыну туралы шешім қабылдайды;

2) Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және қазылар алқасы мүшелеріне (комиссияға) тапсырылады.

4.8. Қазылар алқасы мүшелері

1) Байқаудың II кезеңін бағалайды;

2) Комиссияның «Үздік вожатый-2024» атағын беру туралы шешімін қабылдайды;

3) шешім қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4) Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, шағымдануға және қайта қарауға жатпайды.

5) Жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқау екі кезеңнен тұрады:

I кезең 2024 жылғы 4 – 14 наурыз аралығында өтеді. Ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы жіберілген жұмыстарды қарастырып, бағалайды.

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2024 жылдың 14 наурыз 18.00-ге дейін s.kampyshev@astana-modern.edu.kz электронды поштасына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін өтінім;
- 2) Қатысушылар «Вожатый мамандығы» тақырыбында бейнеролик түсіреді. Байқауға <https://www.youtube.com> арнасына орналастырылған сабақтың бейнематериалы қабылданады. Бейнероликті инстаграм парақшасына жүктейді және #менвожатый, #лидервожатый, #конкурс, #вожатыйNS, #astana_adistemelik_ortalyg хэштегмен ұйымдастырушыларды белгілейді.

Бейнематериалға қойылатын техникалық талаптар:

- a) Бейнероликтің минималды өлшемдері -16:9 форматы үшін кем дегенде 1280 x 720 HD немесе 1920x1080 FullHD.
- b) Бейнероликтің максималды ұзақтығы – 5-7 минут.
- c) Қатысушы монтаждау кезінде форматты өз қалауы бойынша пайдаланады.
- d) Дауыс және титрлік сүйемелдеуге рұқсат етіледі.
- e) Қатысушы өзін таныстырады, өзінің педагогикалық идеяларын, кәсіптегі көшбасшылық қасиеттерін, балаларға, әріптестерге деген қарым-қатынасын, сондай-ақ өмірлік басымдықтарын көрсетеді.

5.2. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар – қабылданбайды.

Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

5.3. Қалалық байқаудың I кезеңінен сәтті өткен вожатыйлардың тізімі Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сайттарында орналастырылады.

II кезең: 2024 жылдың 28 наурыз күні өтеді.

Құндылықтар негізінде тәрбие беру – заман талабы «Менің мамандығымның life hacks» атты қойылымдар

Байқауға қатысушылар сахнада шығармашылық құндылықтар негізінде қойылым көрсетеді. Қатысушы міндетті түрде заманауи вожатый жұмысының ерекшеліктерін көрсету керек.

Көріністің негізгі талаптары:

- a) Өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білетін, адами қасиеттері мол, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу өзектілігін көрсету.
- b) Көрініс жалпы ұзақтығы 5 минуттан аспайды.
- c) Қатысушыларға дайындық барысында және қойылым кезінде директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, өзін-өзі басқару, Жас-Ұлан, ерікті қатыса алады

Байқаудың бағалау критерийлері

1. Орындау сапасы
2. Шығармашылық ой мен интерпретацияның өзіндік ерекшелігі
3. Эмоционалды әсер және мазмұны
4. Орындаушылық шеберлігі мен әртістігі
5. Сахнадағы орындаушылық пен мінез-құлықтың жалпы деңгейі, мәдениеті
6. Нөмірдің көркемдік дизайны

Байқауды қазылар алқасының құрамы шешімі хаттамамен ресімделеді.

6. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Қазылар алқасы мүшелері байқаудың екі кезеңдегі тапсырмаларын бағалау нәтижесі бойынша жеңімпазды «Бас жүлде», жүлдегерлер арасынан 1, 2, 3 орын және номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

6.2. Байқаудың нәтижелері аяқталған соң күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

**«Үздік вожатый-2024» қалалық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Қатысушының ТАӘ	
Білім беру ұйымы	
Жұмыстың қысқа андатпасы	
Байланыс телефоны, e-mail:	
Бейнематериалға сілтеме	

Басшы _____
ТАӘ, қолы

_____ 2024 ж.

« 20 » 02 2024 ж.
№ 3 / бұйрыққа
2 - қосымша

«Үздік вожатый-2024» қалалық байқауын
ұйымдастыру және өткізу комитетінің құрамы

№	Аты-жөні, тегі	Жұмыс орны, лауазымы
1.	Амиргалиев Жангелді Қуандықұлы	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының орынбасары
2.	Шарипова Динара Госмановна	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің басшысы
3.	Бекетаева Гульдана Ескеновна	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
4.	Кампышев Серікбай Бейсембайұлы	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері
5.	Джунусова Дамира Ернарқызы	Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Тәрбие және қосымша білім беру бөлімінің әдіскері